

Л.М. Демесинова*, М.С. Оразбек

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: lepa_semey@mail.ru, makpal_zere@mail.ru)

Бовари ханым: тоғышарлық, әлде тағы әйел архетипі

Мақала ежелгі дәуірлерден көркем шығармаларға арқау болған әйел тақырыбы, әйел архетипі, әйелдің жағымды және жағымсыз бейнелері мәселесіне негізделген. Зерттеуде Г.Флобердің «Бовари ханым» романының бас қаһарманы жаңа қырынан қарастырылған, Бовари ханым туралы әр жылдары жазылған сын пікірлер салыстырыла талданған. Бұрынғы зерттеулерде бас кейіпкер тоғышарлық белгісі ретінде қарастырылса, берілген мақалада авторлар Бовари ханымның ішкі жандүниесіне үңіліп, психологиялық күйзеліс себептерін түсіндіруге тырысады, яғни Эмма образы «тағы» әйел архетипі тұрғысынан сараланған. Зерттеу барысында ғалымдардың тұжырымдамалары негізінде салыстыру, жүйелеу әдістері қолданылған. Психоаналитик К.Г. Юнг ұсынған әйел архетипінің түрлері мен К.П. Эстестің «тағы әйел архетипі» туралы еңбегі басшылыққа алына отырып, Бовари ханым образы жаңа типте талданған. «Архетип» ұғымының негізін салушы К.Г. Юнгтің архетип туралы пікірлері және әйел архетипіне қатысты тұжырымдары зерттеудің теориялығын айқындай түседі. К.П. Эстестің еңбектерінен ғылыми дәйектемелер көркем шығармадағы үзінділермен салыстырыла отырып, бас кейіпкердің жандүниесіндегі өзгешеліктер, ауытқулар мен олардың себептерін анықтауға тырысқан.

Кілт сөздер: архетип, роман, «тағы» әйел, бас қаһарман, миф, тоғышарлық, күнәһар әйел.

Кіріспе

Әлем әдебиетінде, жалпы, өнердің барлық саласында «әйел» тағдыры көне дәуірлерден бері өзектілігін жойған емес. Оған дәлел, арғы дәуірлердегі Хауа анадан бастап, Клеопатра, Моно Лиза, София, Мадонна, Тереза ана болса, қазақ халқында Ұмай ана мен Найман ана, Қыз Жібек пен Баян, Күнекей мен Бекторы, Мыстан мен Жалмауыз кемпір сияқты кейіпкерлер арқылы әйелдер образы жан-жақты танылып жатады.

Көне мифтерден бастау алған әйелдер бейнесі әлем әдебиетінде негізінен екі түрлі формада өрбіген: бірі — әйелдің «жағымды, жақсы» жақтарын сипаттайтын шығармаларда әйел — мейірбан ана, ақылшы, адал, сүйікті жар, тіршіліктің, игіліктің бастауы ретінде танылса, екіншісі — «жағымсыз» кейіпкерлер ретінде беріліп, әйел бейнесінің көлеңкелі тұстарын шығармаларға арқау ете білген. Мәселен, сайқал, екіжүзді, күнәһар, жеңіл жүрісті, яғни «адьюлтер» әйелдер, мейірімсіз ана, қайырымсыз жар образдарында көрінеді.

«Әйелдің» күнәлі кейіпкер ретіндегі бейнесі Адам ата мен Хауана туралы аңыздардан бастау алса керек, яғни «күнәһар — күнәсін мойындау — кешірім» контекстінде өрбиді деген тұжырымдар бар. Бұл туралы Е.М. Мелетинскийдің «Әдеби архетиптер туралы» еңбегі негізінде Н.Н. Мельникова «XIX-XX ғасырдағы орыс әдебиетіндегі күнәһар әйел архетипі» атты зерттеуінде «күнәһар әйел» архетипін: ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын образдар, ілкі образ өзегі негізге алынып, әр дәуірде түрліше жаңғырып отыруы, архимәтін ретінде көрінуі, мәдени канон ретінде «күнәһар» әйел образын меңзеп, метатип түрінде берілуі мүмкін деген тұжырым жасайды [1; 4].

Зерттеудің теориялық негізі

Зерттеу жұмысында әдебиетте кездесетін күнәһар әйел бейнесін даттаудан көрі, кез келген әйел санасында қалыптасқан ілкі образ «тағы әйел» архетипіне бойлай отырып, түсіндіру мәселесін қарастырады. Осы негізде архетип ұғымын зерттеуші К.Г. Юнг, К.П. Эстес, Е.М. Мелетинский сияқты ғалымдардың ғылыми еңбектері негізге алынып, салыстырмалы-тарихи, герменевтикалық талдау әдістері пайдаланылды.

Әдебиетте «күнәһар» әйел архетипі негізінде зорлық-зомбылық, психологиялық ауытқулар мен жарақаттар, азғыру, инцест, әлеуметтік орта, қоғам, отбасылық жағдай, моральдық-діни көзқарас,

*Корреспондент-авторы. E-mail: lepa_semey@mail.ru

дүниетаным барлығы күнәға батудың философиялық аспектілері «адасқан» әйел образын қалыптастырады.

Ақын-жазушылар көркем шығармада әйелді жағымсыз кейіпкер ретінде сипаттап, сол арқылы тоғышарлық пен менмендік, қоғамдық ортаның азғыруы мен әлеуметтің жиіркенішті көрінісін беруде әйелдер бейнесімен бүкіл бір қоғамның проблемасын көрсетуге тырысады. Осы ретте, Г.Флобердің Бовари ханымы, Л.Н. Толстойдың Анна Каренинасы, М.Митчеллдің Скарлет О'харасы, С.Моемнің Джулиясы арқылы өз дәуірінің көлеңкелі, жағымсыз тұстарын әшкере етеді. Аталған шығармаларда халықтың рухани дүниеден гөрі материалдық жағдайды басты орынға қоюы, мансап пен мәртебе, өзімшілдік пен тәкаппарлықты сипаттауда әйелдер бейнесін ұтымды пайдаланғанын көруге болады.

Негізгі бөлім

Г.Флобер өзінің «Бовари ханым» шығармасында жеңіл жүрісті әйелді басты қаһарман дәрежесіне көтеріп, өз дәуірінің буржуазиясын, қарапайым мешандық отбасын, сол кездегі өзекті әлеуметтік жағдайды сыни тұрғыда көре біліп, шығармаға арқау еткен. Романның басты қаһарманы Эмма Бовари ханымның аянышты тағдыры суреттеледі. Мешандық отбасынан шыққан Эмма Руо бойжеткеннің монастырьде тәлім алып, жастайынан романтикалық шығармаларға әуес болуы, қиялына ерік беріп, зәулім сарай мен ақбозатты ханзаданы армандауы, ессіз махаббат пен жанкештілікті армандаған арудың шынайы өмірі мүлде басқаша өрбиді.

Автордың негізгі ұстанымы қоғамның моральдық жағынан азғындаған келбетін кейіпкерлердің ішкі жан-дүниесі, сезім толқынысын бейнелеу арқылы ашуды көздейді. Соның бір айғағы, шығарманың бас қаһарманы Бовари ханым жарына адал бола алмай, сезімнің жетегінде кетіп, ақырында өзінің түбіне жетуі қоғамдағы бассыздық пен қатыгездікті, менмендікті тап басып танытады. Көркем шығармадағы автордың идеясына жетекшілік еткен бас қаһарман сол дәуірдің жағымсыз тұстарының айқындалуына себепкер екеніне көз жеткіземіз.

Бұл туралы автор: «қоғамда ең жиі кездесетін әйел бейнесін көрсету» мақсатында шынайы өмірден алыс қарапайым ауыл қызының қиялшыл бейнесін жасайды. Эмма Бовари — сол дәуірдің типтік бейнесі, символы ретінде танылады. Тек сырт келбетіне ғана назар аударатын, сезіміне тұрақсыз, ойлау қабілеті төмен, балаға мейірімсіз, өзімшіл әйел ретінде суреттеледі. Шығармада қоғам мен бас қаһарман біртұтас екенін аңғаруға болады. Зерттеушілер көп жағдайда Бовари ханым образын даттап, «тоғышарлық» белгісі деп танып, азған заман бейнесі, адамдар арасындағы шынайылық пен мейірімнің орнын азғындық пен мансапқұмарлық, ашкөздік жайлаған дәуір бейнесін Эмма кейіпкер арқылы көрсетеді деген ой түйеді. Француз ақыны, сыншы Ш.П. Бодлер мен орыс ғалымы Б.Г. Реизов өз еңбектерінде Эмма Боваридің образын талдау барысында бір-біріне қарама қайшы пікір білдірген болатын.

Б.Г. Реизов: «Флобер көпшіліктің қарсылығын біле тұра жағымсыз кейіпкерлер туғызуды жақсы көреді. Оның бас қаһарманы Бовари ханым өзі өмір сүрген қоғам сияқты өзімшіл және арсыз, ал оның іздеген «идеалы» да сол қоғамнан табылды, яғни сол кез әдебиетінде кездесетін арсыз образдар еді. Автор айналасындағы қатыгездік пен сұрқиялықты көрмейтін, рухани құндылық пен абыройдан жұрдай бейшара әйел бейнесін бас қаһарман етіп жасады» [2] деген пікірінен ғалымның роман кейіпкерлеріне деген көзқарасын көруге болады. Ол Флобердің кейіпкерлерін даттап та, ақтап та алуға тырыспайтынын, оны оқырманның еншісіне қалдырғанын да тілге тиек етеді.

Ертеректе Ш.П. Бодлер басқа зерттеушілермен келіспей өз тұжырымдамасын ұсынады, Бовари ханымның жандүниесінің кереметтігін әспеттеп, адамзаттық құндылықтардың барлығын бас қаһарманның бойынан көре білген: еш қорықпайтын қайсарлық, ермінезділік танытып, батыл шешімдер қабылдауы, жүрек қалауымен жүруі, сезімге берілу, махаббатқа мас болып алдануы, сүйгені үшін көзсіз ерліктерге баруы, жанкүйзелісін көрсетуі сияқты қасиеттеріне жете мән береді. Ерлік пен нәзіктікті қатар алып жүрген роман қаһарманының бұл қасиеттерді бойына жинауы қоғам мен ортаға деген қарсылығын көрсетуі деген ой түйеді [3].

Психоаналитик К.Г. Юнг әйел архетипін зерттеуде негізгі төрт типке бөліп, әр архетиптің жағымды және жағымсыз жақтарын қарастырады:

1. Ханшайым/күнәһар әйел
2. Муза/вампир әйел
3. Аңшы әйел/Амазонка — жабайы әйел
4. Үй шаруасындағы әйел/жаман әйел, мейірімсіз ана

Берілген архетиптердің түрлі жағдайларда: отбасы, ортасы, мінезі мен болмысы, эмоционалдық-психологиялық жараларға байланысты жағымды архетиптің жағымсызға ауысуын атап өтеді [4].

Бірінші типтегі Ханшайым кейпіндегі «арсыз» әйел архетипінде К.Г. Юнгтің: «... Бұл ата-анасынан құтылуды ойлаған, сол арқылы отбасының қатаң бақылауында жасай алмаған қиялындағысын іске асыруда жанкешті оқиғаларға құштар қыз. Негізгі ұстанымы «Мені үйретпеңдер!», «Менің өміріме араласпаңдар!», «Бәрі маған міндетті!». Дегенмен оған айналасындағылардың ойы маңызды, гиперэмоционалды: ашуланшақ, жылауық келеді, көңіл-күйі тез құбылып тұрады, суицидке бейім. Жағымды Ханшайымнан айырмашылығы — ата-анасынан безінуі, би кештеріне құмар, сыртқы болмысы, жан сұлулығынан маңызды» [4] деген анықтамасынан Бовари ханымның психологиялық портретін көруге болады. Ғалымның теориялық тұжырымдары Г.Флобердің шығармасындағы Бовари ханымның бойында толығымен ұшырасатынын байқау қиын емес.

К.Г. Юнгтің шәкірті К.П. Эстестің еңбектерінде де әйел архетипі жан-жақты зерттелген. К.П. Эстестің «Бегушая с волками» еңбегінде «тағы әйел» архетипін көне мифтер мен ертегілер негізінде талдай отырып, кез келген әйелдің ішінде «тағы әйел» (дикая женщина — волчица) прообразының болуымен түсіндіреді. Ғалымның айтуынша, Эмма Бовари сияқты өмірден өз жолын таба алмай, түрлі соқпақтарға ұрынған әйелдің өзіндік «менінен» айырылуы, ішіндегі «тағы» әйел архетипін жоғалтуы себепші. К.П. Эстес тағдырдың тауқыметін көрген нәзік жандарды даттаудан гөрі ақтап алуға, себебіне түсінуге тырысады.

К.П. Эстестің «Все мы тоскуем по первозданному. Культура предлагает не слишком большой выбор противоядий от тоски. Нас научили стыдиться таких влечений. Мы отпустили длинные волосы и привыкли скрывать под ними свои чувства. Но днем и ночью за нашей спиной таится тень Первозданной Дикой Женщины. Где бы мы ни ступали, эта тень крадется следом и — определенно — опирается на четыре лапы» [5; 7] деген алғысөзінен қоғамда әйел затының түрлі себептерге байланысты ілкі тамырынан, тағы әйел архетипінен айырылып, соның салдарынан қиындықтарға ұшырап жатқанын, әйелдің өз еркіне, сезіміне ие болуы мен өз ісіне есеп бере білуі және қоғамдағы орны, өмірдегі қатып қалған қағиданың құрбаны болу мәселесінің әлі де шешімін таппаған үлкен проблема екені аңғаруға болады.

Әйел тағдырының талқыға түсуі, өмір сүрген заманның құрбанына айналуы, мысалы, Бовари ханымның қоғамдық заңдылықтарға сәйкес мешандық отбасынан шығуы, оқуды тәмамдаған соң тұрмыс құруы, күйеуінің қас-қабағына қарап, баланы бағып-қағуы барлығы да белгілі бір қағидаларға сәйкес болуы шарт, бұны «бақытты әйел» формуласы ретінде көрсетуі, алайда бұл ережелерде қыздың жандүниесі, арман-мұраттары мен еркіндігі ескерілмейді. Тек қоғам заңдылығы ғана басты орында, осының салдарынан арсыз, күнәһар әйел образы туындайды.

«Кез келген әйелдің ішінде өмірмен күресе алатын тағы әйел инстингі болады. Ішкі табиғи инстинк әйел адамды ешқашан алдамайды, ол жетелеуші, бағыт беруші қызметін атқарады. Алайда, әйелде еркіндік болмаса, қалауы орындалмаса, әрдайым өзіне тежеу қойып, көндіге берсе, іштегі күшті басып тастайды, сол арқылы сезіну, түйсіну, сенімділік қасиеттері де бәсеңдей береді» [5;221], деген тұжырымға сүйенсек, осы жағдай Бовари ханымның басында, өзінің жан қалауын орындай алмаған ол бейсаналы түрде ессіз, арсыз істерге барып, теріс жолға түседі. Өмірінің мәнін жоғалтып, өмірін құртады. Себебі ішкі инстинкті жоғалтқан Бовари ханым өмірдің мәнін түйсінбейді, жақсы мен жаманның аражігін ажырата алмайды. Психологияда бұны адамның «Өзін» жоғалтумен түсіндіреді.

Романда Эмма Руоның алғашқы өкініші Шарльге тұрмысқа шыққаннан кейін сезіле бастайды, дегенмен Эмма арудың алғашында Бовари мырзаға деген сезімі болғаны анық еді. Қиялындағы бақытты, романтикалық сезімнің орнын күйбең тіршілік басып, керемет бал айын армандаған ару фермаға келіп, сезімдері су сепкендей басылады: «...еркек бәрін білуге, әрдайым биіктен көрінуге, әйелдердің құштарлық сезімдерін оятуға, өмірдің күрмеуі қиын күрделі құбылыстарын ашып көрсетуге, оны тіршіліктің барша құпия сырымен таныстыруға тиіс емес пе еді? Бұл болса ештеңе көрсеткен жоқ... Оның алаңсыз байсалдылығы, өзіне-өзінің мызғымас сенімділігі, тіпті оның өзімен бақытты ғұмыр кешіп жатқандығы да Эмманың жынын келтіретін» [6] деп Шарльге деген өкпе-назын білдірсе, ары қарай барлығы шиеленісе түседі: «Шарльдің сөздері көңіл жібітпейтін, тұрпайы болатын және қиялға батырмақ түгіл, басқа біреулердің ойларын қарабайыр қайталау толқытпайтын да, күлдірмейтін де» [6] деген үзіндіден жарына көңілі толмайтыны, жаны басқаны қалайтыны анық

байқалады. Тіпті Шарльдің Эммануэлі еркелетуі де белгілі бір уақытта, дастарқан басында ғана айтатыны қынжылтатын.

Осы тұста «Ол өзінің көңіл-күйі жайлы біреумен бөліскісі келген болуы керек, шамасы. Нақ бір бұлт сияқты құбылмалы, нақ бір жел сияқты өткінші түсініп болмас үрейді қалай айтып жеткізбек? Ол айтар сөз таппаған, ретін келтіре алмаған, батылдығы жетпеген» [6] деген үзіндіден ішкі болмысы алай-дүлей болып жатқан, жаны жалғыздықтан құса болған Эммануэлі аңғаруға болады.

Эммануэлі өміріне өзгеріс әкелген сәт Вобьесар қамалындағы сауық кешіне барумен басталады. Жан қалауы мен қоғам алдындағы бейнесі, жас ханымның жан-дүниесіндегі арпалыс оны тура жолдан тайдырады. «Өмірде өз жолын таппаған адамдар көбінесе ізденіс үстінде жүріп, түрлі еліктіргіш дүниелерге еріп, тұзу жолдан тайып жатады. Бұған, әсіресе, тағы, рухани аш жандар бейсаналы түрде тез еріп кетеді» [5;111] — деген К.П. Эстестің тұжырымына сүйенсек, яғни Бовари ханымның бөгде еркектерге елітуінің бірден-бір себебі өзінің «Менін» жоғалту себебі, ішкі табиғи болмысынан айырылуы осындай пасық қадамдарға баруына түрткі болуда.

Алғашында тек еркелік, еліктеуден басталған жас заңгер Леон Дюпюий арасындағы қарым-қатынастың соңы ханымның өмірін түбегейлі құртып тындырады. «Рухани аш әйел кез келген жаста, әсіресе жас болса, көп жылдық рухани аштықтың орнын толтыру амалын қарастырады. Өз басын қауіп-қатерге тігіп, жанкешті әрекеттерге барып, еш тұрақтылық пен қорған болмайтын алдамшы адамдардың жетегінде кете береді. Бұндай әйел қай кезде, қай жерде болмасын, алдынан түрлі арбаулар дайын тұрады» [5;190] деген түсініктеме Бовари ханымның басынан өткен оқиғаға дәлел. Өмірден баз кешкен ханымның өмірінде сүйкімді жас жігіт Леон Дюпюиді кездестіруі немесе кейіннен Родольф Буланжемен болған арақатынастың еш жақсылық әкелмеуі, олардың Эммануэлі тек ермек еткендігінен көруге болады. Түп тамырынан нәр алмаған бейшара әйел жас балаша сеніп, алдамшы сезім жетегінде кете береді, жаны жаралы әйел жүрегінде бір үміт бар, алайда бұл өмірдің кезекті тұзағы ғана екенін түсіне алмайды.

«Жаны таза адамның сырт келбетінен көрініп тұрады... Ал, егер адамның жаны жаралы болса, ішінде қатты уайымы болса, ол адамның қарапайым өмірге қайта оралуы қиын, дегенмен де бірнеше шартты орындаса, барлығын қалпына келтіруге болады: шынайылық, төзімділік, мейірімділік пен сүйіспеншілік болған жағдайда адам жаны қайта сабырға келеді» [5;172]. Шығармада Эмма ханым отбасылық өмірде күйеуі мен қызына көңіл бөліп, отбасын сақтап қалуға тырысып, күйеуіне сенім артып, ота жасатуға көндіреді, сол арқылы ортасындағы өз беделін, күйеуінің мәртебесін арттыру арқылы жан қалауын орындамақ болады. Алайда, ол ойы да іске аспай, Бовари мырзаның дарынсыз, ештеңеге ебі жоқ, бейшара күйге түсуі Эммануэлі көңіл-күйін түсіреді, соңғы үміті сөнгендей күй кешеді. Бұл кезде де Бовари ханым жан жарасын емдеу жолында күнәлі істерге барып, батпаққа одан әрмен батуы, оның түбегейлі өзін жоғалтқанын байқатады.

«Жан жарасы терең, рухани аш әйелдер көбінесе сырт көзге «өте сыпайы, мейірімді» болып көрінуі мүмкін. Бірақ ішінде буырқанған асау толқын тулап жатады, алып цунами жолындағының бәрін жайпап өтуге дайын. Сыртқа мейірімді, жақсы болып көріну арқылы айналасындағы жаманшылық пен пасықтыққа көз жұма қарап, соған бойсұнады. Соған көндігу арқылы әйел табиғи инстинктінен айырылып, дұрыс шешімдер қабылдауға қауқарсыз күй кешеді» [5;216], — деген «рухани аш әйелдер» туралы ғылыми тұжырымнан Эмма Бовариді көреміз, қаншама арсыз істерге барса да сырт көзге осындай бейкүнә кейіп танытып жүреді. Елдің алдында Шарльдің пациенттерімен жақсы қарым-қатынаста болып, барлығымен емен-жарқын араласып жүрген жас ханымның ішкі дүниесі екі ұдайы күй кешуде, шығармада: «...сырт көзге ол өте мұңлы және сабырлы, мейірімді және өте ұстамды болып көрінетін. Әйелдер оның тыянақтылығына, пациенттер — ұқыптылығына, кедей-кепшік — мейірімділігіне қайран қалатын. Ал, шындығында, оның жүрегі ашу-ызаға, қатыгездікке толы болатын» [6] деп сипаттауынан бас қаһарманның өзінің арсыз істеріне еш қымсынбайтынын, бастысы, сыртқа әдемі болып көріну, басқасына көз жұма қарап, елемейтінін аңғаруға болады. Бұл жағдайда әйел адам өзінің жан күйзелісін жасыру мақсатында осындай амалдарға барады, Эмма ханымның да шарасыздықтан осындай күйге түскенін байқауға болады.

Эмма ханымның жағдайында бастапқы болмысынан айырылған жан бір қателікке қайта-қайта ұрына береді, мәселен, Леонның кетіп қалуы, кейін Родольфтың қашып кетуі, Леонның қайта келіп, керек кезінде қолдамауы өзін жоғалтқан Бовари ханым үшін түсініксіз, себебі, ол рухани құндылықтарды жоғалтқан, ақиқат үшін күресуге қауқары жоқ, дәрменсіз күй кешуде.

Ана құрсағында жатқаннан ана мейірімін көрмеген қызына да Бовари ханымның аналық сезімінің оянбау себебі де жан жарасы. Оның сыры тереңде жатыр, әу-баста, автор Эммануэлі

мещандық отбасынан шығаруы тегін емес, яғни күндерін эзер көріп отырған, сараң, рухани жұпыны отбасынан шыққан бас қаһарманның бар арманы өзі оқыған романтикалық шығармалардағыдай салтанаты жарасқан отбасы, байлық пен ессіз махаббат, атақ-дәреже, мансап қана болады: «Эмма өзіне өзі сауал қойды: басқа бір жағдайда өзге біреуді кездестіруі мүмкін емес пе еді? Ол осынау болмаған оқиғаның қалай өтерін, мүлде басқа өмірі қалай қалыптасарын. Сол белгісіз күйеуінің қандай адам болуы мүмкін екенін көз алдына елестетуге тырысты. Шын мәнісінде, жұрттың бәрі Шарль секілді емес қой. Оның күйеуі сұлу, ақылды, тәрбиелі, сүйкімді болуы мүмкін еді ғой» [6] деген ойлар жанын жегідей жейтін. Алайда, әйелі өлген, қарапайым, романтикадан жұрдай, ештеңеге қызықпайтын, ауыл дәрігері Шарльге күйеуге шыққан Эмма ханымның арманы аяқ-асты болып, жанкүйзелісіне ұшырайды. Тіпті, құрсағындағы баласының қыз болатынына да еш қуанбайды, себебі, өзі армандаған өмірді сыйлай алмайды. Бейкүнә сәбиді күтуші өсіреді, тырнағы өскен, киімі жұпыны қызын көрген анасы аз да болса қарап, қамқорлығына алуға тырысады, алайда ол да қолынан келмейді, себебі жаны жаралы Ханымның өзіне көмек қажет еді. Жан дүниесі құлазып, құлдыраған, рухани күш-қуат алатын тағы, ілкі әйел архетипінен тамыры үзілген.

«Жан азығы туралы сөз болғанда, әр адамның өз қалауына байланысты болады. Кей әйелдерге таза ауа, түн тыныштығы немесе күн шуағы керек болса, кейбірі үшін рухани азық кітап пен жылы сөз, ал енді бірі секіріп, билегенді қалайды»[5;173], ал, Бовари ханым үшін жан азығы, жан ләззаты, ақшасы жетпесе де үйіне, өзіне қымбат заттар сатып алуы, сүйіктілеріне бағалы сыйлықтар жасауы, кейіннен сатушы Лереге қарызға белшеден батып, үйінен айырылуы, күйеуіне деген тағы бір опасыздығымен жалғасады. Өз қиялындағы өмірді аңсап, реалды өмірді еш елемейді. Бұның себебі психологиялық ауруда жатыр, тағы әйел архетипінен айырылған Эмmanın жаны әлсіз, сондықтан да қарсыласуға шамасы келмейді, бұл жерде де тұзақ екенін ажырата алмай ақырында өз-өзіне қол салады.

Қорытынды

Бұндай тағдыр өмірде де көптеген өнер адамдарында қайталанған, Мэрлин Монро, Эдит Пиаф Френсис Фармер сияқты жұлдыздардың тағдыры қыршын қиылғанына тарих куә. Әйел адамның ішкі жандүниесімен келісім таба алмай, тағы әйелге тән қасиеттерден айырылуы салдарынан өмірі қор болған тағдырлар соның айғағы. Оған себеп әйел адамның әубастағы тамырынан ажырауы, түрлі сыртқы факторлар мен адамның өз-өзімен жұмыс жасамауының салдары болып табылады деген ой түйеді К.П. Эстес өз зерттеулерінде.

Қорыта айтар болсақ, Г.Флобердің Бовари ханымы бүгінде өз бағасын алған образ, әлемдік әдебиет пен мәдениетте әлеумет пен әйел проблемасын ашуда дәл бейнеленген образ ретінде сипатталады. Шетел әдебиетінде Бовари ханым бейнесін әртүрлі қырынан танып, зерттеген сын-пікірлер жеткілікті, басым көпшілігі бас кейіпкерді қоғам өмірімен тығыз байланыстырып, ал жеке тұлға, әйел ретінде қарастыру сирек. Сондықтан да Эмма образын тек бір жақты ғана қарастырмай, басқа да қырларының ашылуы алдағы уақыт еншісінде. Бүгінде ғылым мен техниканың қарыштап дамуына байланысты бас қаһарман бейнесі психоанализ, герменевтика, құрылымдық тұрғыдан әлі де толық талдауды қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Мельникова Н.Н. Архетип грешницы в русской литературе конца XIX начала XX вв.: автореф. дис. ... канд. филол. наук: спец. 10.01.01 – «Русская литература» / Н.Н. Мельникова. — М., 2011. — 33 с.
- 2 Реизов Б.Г. Гюстав Флобер. «Госпожа Бовари» [Электрондық ресурс] / Б.Г. Реизов. — Қолжетімділік тәртібі: <http://19v-euro-lit.niv.ru/19v-euro-lit/articles-fra/reizov-flober-gospozha-bovari.htm>
- 3 Бодлер Ш.П. «Госпожа Бовари» — сочинение Гюстава Флобера [Электрондық ресурс] / Ш.П. Бодлер. — Қолжетімділік тәртібі: <http://bodler.ru/GOSPOZHA-BOVARI.html>
- 4 Юнг К.Г. Архетипы женщин — 4 вида [Электрондық ресурс] / К.Г. Юнг. — Қолжетімділік тәртібі: http://b17.ru/blog/archetipi_jenshin/
- 5 Эстес К.П. Бегущая с волками: Женский архетип в мифах и сказаниях / К.П. Эстес. — М.: София, 2020. — 447 с.
- 6 Флобер Г. Бовари ханым. — Кітап.кз [Электрондық ресурс] / Г. Флобер. — Қолжетімділік тәртібі: [http://kitap.kz/book/928/read#epubcfi\(/6/2\[id1\]/4/2/1:0](http://kitap.kz/book/928/read#epubcfi(/6/2[id1]/4/2/1:0)

Л.М. Демесинова, М.С. Оразбек

Госпожа Бовари: мещанство или архетип первозданной женщины

Статья посвящена проблемам женского архетипа, светлой и темной сторонам женщины, ставшей основой для художественных произведений с древних времен. Авторами подвергаются сравнительному анализу критические мнения об образе госпожи Бовари. Если в предыдущих исследованиях героиня рассматривается как грешница, то в данной статье раскрыт внутренний мир госпожи Бовари и объясняются причины поведения и психологии Эммы с точки зрения женского архетипа «первозданной женщины». В ходе работы были использованы методы сопоставления и систематизации на основе концепций ученых. Руководствуясь типами женского архетипа, представленными в трудах К.Г. Юнга и К.П. Эстес, образ госпожи Бовари проанализирован авторами как новый типаж. Мнения основателя термина «архетип» К.Г. Юнга об архетипе и его выводы относительно женского архетипа стали теоретической основой исследования. Научная концепция К.П. Эстес при сопоставлении с текстом романа помогла выявить отклонения и странности в поведении главной героини. Авторами статьи предпринята попытка раскрыть образ госпожи Бовари в ее разных ипостасях.

Ключевые слова: архетип, роман, первозданная женщина, главный герой, миф, мещанство, грешница.

L.M. Demessinova, M.S. Orazbek

Madame Bovary: philistinism or the archetype of the wild woman

The article is devoted to the problems of the female archetype, the light and dark side of women, which has become the basis for artistic works since ancient times. In the study are subjected to comparative analysis critical views about the image of Madame Bovary. If in previous studies the heroine is considered as a sinner, then in this article the authors proceed from the inner world of Madame Bovary and explain the reasons for Emma's behavior and psychology from the point of view of the female archetype of the «primordial woman». In the course of the work, methods of comparison and systematization based on the concepts of scientists were used. Guided by the types of female archetype presented in the works of C.G. Jung and C. p. Estes, the image of Madame Bovary is analyzed by the authors as a new type. The opinions of the founder of the term «archetype» C.G. Jung about the archetype and his conclusions about the female archetype became the theoretical basis of the research. The scientific concept of K.P. Estes when compared with the text of the novel helped to identify deviations and oddities in the behavior of the main character. In the article, the author tries to reveal the image of Madame Bovary in her different guises.

Keywords: archetype, novel, wild woman, main character, myth, philistinism, sinner.

References

- 1 Melnikova, N.N. (2011). Arkhetip hreshnitsy v russkoi literature kontsa XIX — nachala XX vv. [The archetype of the sinner in Russian literature of the late XIX — early XX]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Moscow [in Russian].
- 2 Reizov, B.G. Huistav Flober. «Hospozha Bovari» [Gustav Flaubert «Madame Bovary»]. *19v-euro-lit.niv.ru*. Retrieved from <http://19v-euro-lit.niv.ru/19v-euro-lit/articles-fra/reizov-flober-gospozha-bovari.htm> [in Russian].
- 3 Bodler, Sh.P. «Hospozha Bovari» — sochinenie Huistava Flobera [«Madame Bovary» by Gustav Flaubert]. *bodlers.ru*. Retrieved from <http://bodler.ru/GOSPOZHA-BOVARI.html> [in Russian].
- 4 Jung, K.G. Arkhetipy zhenshchin — 4 vida [Archetypes of women — 4 types]. *b17.ru*. Retrieved from http://b17.ru/blog/arxetipi_jenshin/ [in Russian].
- 5 Estes, K.P. (2020). *Behushchaia s volkami: Zhenskii arkhetip v mifakh i skazaniakh [Runner with wolves: The female Archetype in Myths and Legends]*. Moscow: Sofiiia [in Russian].
- 6 Flober, G. Bovari Khanym [«Madame Bovary»]. *kitap.kz*. Retrieved from: [http://kitap.kz/book/928/read#epubcfi\(/6/2\[id1\]!/4/2/2/1:0](http://kitap.kz/book/928/read#epubcfi(/6/2[id1]!/4/2/2/1:0) [In Kazakh].